

АСТАНА ҚАЛАСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ  
АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ  
«ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ» МКҚК  
АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ «Ф.ОҒАРСЫНОВА АТЫНДАҒЫ  
№77 МЕКТЕП-ГИМНАЗИЯСЫ»  
ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК  
КОММУНАЛДЫҚ КӘСІПОРНЫ

**«ҰЛТТЫҚ ТАНЫМ ЖӘНЕ СӨЗДЕР СЫРЫ»**

*элективті курс бағдарламасы  
(7-сыныпқа арналған)*

АСТАНА, 2023

**Қалалық ғылыми кеңесте қаралып, Астана қаласы білім мекемелерінде қолдануға және таратуға рұқсат берілген. (№4 хаттама 29.03.18. р/с№55)**

*Ф.Оңғарсынова атындағы №77 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті әдістемелік бірлестігінде қаралып, қалалық Сараптау кеңесіне ұсынылды. (2022ж. 31 тамыздағы №1 хаттамасы)*

Рецензенттер: **Мукушева Алмагул Наурызбаевна**

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ауыл мектептерін және шағын жинақты мектептерді дамыту зертханасының меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты

**Шоқабаета Салтанат Сағатқызы**

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты, доцент

**Құбиева Нұргүл Пангерейқызы**

Атырау қаласы №35 Х.Ерғалиев атындағы мектеп-гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші, педагогика ғылымдарының магистрі

**Құрастырушы:** Имакова Лаура Оспановна, «Ф.Оңғарсынова атындағы №77 мектеп-гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-шебер

«Ұлттық таным және сөздер сыры» курсының бағдарламасы. Астана қаласы. 2023 жыл. 17 бет.

### **Аңдатпа**

Ұсынылған бағдарламада білім алушыларды ғасырлар бойы халықтың қолданысында болған, қазіргі кезде де қолданып жүрген төл сөздердің мағынасына тереңінен үңіліп, олардың шығу төркіні мен қолданылу аясын түсінуге, халықтың бай тілін құрметтеу және қолдана білуге үйрету көзделіп отыр. Заманауи білім алып отырған жас ұрпақ сөздердің мағынасын ашып, ол сөздерді зерттеу арқылы өзінің қолданысына енгізеді, ұлттық дүниетанымы кеңейеді.

## МАЗМҰНЫ

Түсінік хат _____	4-5-бет
Бағдарламаның мазмұндық құрылымы _____	6-7-бет
Орта мерзімді жоспары _____	8-12-бет
Күнтізбелік-тақырыптық жоспары _____	12-14-бет
Оқушылардың білім, білік, дағдыларына қойылатын талаптар _____	14-бет
Оқу нәтижесі мен күтілетін нәтиже _____	15-бет
Зерттеуге ұсынылатын тақырыптар _____	16-бет
Мұғалімге арналған қысқаша нұсқаулық. Интернет ресурстары _____	16-бет
Әдебиеттер _____	17-бет

## Түсінік хат

Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуды жүзеге асыру белгілі бір құндылықтар жүйесіне негізделетіні белгілі. Сол құндылықтардың ішіндегі ең бастысы – ана тілін мемлекеттік тіл ретінде нығайту.

Ана тілі- халықтың жасампаздығының негізі, өзегі. Тіл - ұлттың мәдени коды, ойлау және таным, дүниеге қатынасының, құндылықтарды бағалай білу жүйесінің коды. Ана тілінді құрметтеу - ұлттық намысты ояту мен жаңғыртудың көзі. Демек, рухтың жаңғыруы ана тілінсіз жүзеге аспайды. Ал адам баласының ұлт азаматы ретінде жаны мен тілінің қалыптасуы ана тіліндегі сөздер сырына үңіле отырып, мән мен мағынаны түсінуден, оны жаңғырта қолдану мен тілдік дағдыға айналдырудан басталады.

**Өзектілігі:** бағдарлама жаһандық құзіреттіліктерді бойына сіңірген білім алушыларға ғасырлар бойы халықтың қолданысында болған, қазіргі кезде де қолданып жүрген төл сөздердің мағынасын, олардың шығу төркіні мен қолданылу аясын білу, кейбір ұғымдарды жалпыдан жалқыға нақтылау, халықтың бай тілін құрметтеу, орнымен қолдануды үйрету арқылы ұлттың таным-түсінігін, болмысын танытатын тіл мәдениетін меңгертуді көздейді. Заманауи білім алып отырған жас ұрпақ – ұлтымыздың болашағы, олар ана тілін қарым-қатынастың ғана емес, ұлттың мәдениетін, халықтың тәрбиесін көрсететін құралы ретінде қабылдауы керек. Ұсынылып отырған бағдарламада білім алушылардың ана тілін сүйу, құрметтеу, сөз байлығын арттыру, ұлтжанды ұрпақ болуына тәрбиелеу, ана тілінде еркін сөйлеуін қалыптастыру үшін мағынаны зерделеу, сөз түбірін түсінуді танымдық тапсырмалар, өзіндік зерттеу жұмыстары арқылы жүзеге асыру жоспарланған.

**Бағдарлама жаңалығы:** әлемді тануды қазақтың дүниетанымдық білімімен ұштастыра оқытатын оқу материалдарының зерттеу және жаңартылған білім технологиялары арқылы берілуі; білім алушылардың ауызша, жазбаша сөйлеу мәдениетін ұлттық біліммен байланысты жетілдіруге негізделуі.

**Бағдарлама мақсаты:** білім алушыларды халқымыздың рухани және материалдық мәдениетін тілдік бірліктер арқылы тануға баулып, сөздердің, сөз тіркестерінің мағыналық мүмкіндіктерін түсінуге үйрету, тілдік құзіреттіліктерін арттыру.

### **Бағдарламаны жүзеге асыру міндеттері:**

- сөздер сырын түсініп қолдануға дағдыландыру;
- ұлттық сөз қолданысымен тереңірек танысу, зерттеу дағдыларын жетілдіру ;
- сөздер сипатын түсіну, сөз төркінін, мағынасын ашу;

- оқушылардың ғылыми, әдеби көзқарастарын қалыптастыру.

**Іске асыру механизмі:** курс сабақтары, жобалық бірлескен жұмыстар, сабақтан тыс кітапханадағы зерттеу әрекеттері, байқаулар, зияткерлік ойындар.

***Құрметті ұстаздар! Сіздердің қолдануларыңызды жеңілдету үшін бағдарламаға сай орта мерзімді жоспар, мұғалімге арналған интернет ресурстарының сілтемесі, сабақта қолданатын презентация мен оқушы дәптері ұсынылып отыр.***

**«Ұлттық таным және сөздер сыры»  
курсының мазмұндық құрылымы  
Жылдық сағат саны-36**

**1. Кіріспе /1 сағат**

Сөз мәні: Ұлттық жаңғыру және ұлттық ұғымдар  
(Рухани жаңғыру, ұлттық болмыс, мемлекеттің тарихы мен болашағы туралы )

**2. Ұлттық тәрбие /2 сағат**

Адал мен арам ұғымы. Ақыл және рухани дүние  
(Адалдық пен арамдық, адам бойындағы ең асыл қасиеттер– ар мен ұят, азаматтық туралы, А.Құнанбайұлының қарасөздері, адам баласының кемелденуі туралы)

**3. Қазақ халқының дәстүрлі туыстық жүйесі /1 сағат**

Адам ата, ата тек, ата-баба, ата, шеше, әке, ана, әйел мен бәйбіше, тоқал, абысын-ажын, бала, қыз, жиен, жиеншар, жүрежат, туажат, жекжат, құда, құдағи, құда бала, құдаша, күйеу, келін, қалыңдық, қайын ата, ене, бике, іні, сіңлі, нағашы, бала, бөле, балдыз, женге, қайын, ағайын-туыстар, дос, жолдас, құрдас, замандас, тетелес, тамырлар, ауыл басы, үй отағасы, отанасы.  
(Туыстық қатынастар атаулары, олардың шығуы мен қолданылуы, таным-түсінік пен сыни пікір білдіру)

**4. Ұлттық салт /2 сағат**

Амандасу салты, қонақты сырттан қабылдау салты, оны үйге қабылдау, қонақ күту тәрбиесі, мал сою  
(Қонақжайлылық, халықтың амандасу, қонаққа құрмет көрсету, мал сою мен мүшелеу, қонаққа ұсыну салты туралы)

**5. Ел мен жер атауларының ұлттық танымдық сипаты /2 сағат**

Халық тұрмысында қолданылып жүрген жер атауларының этимологиясы, ерекше атаулардың шығу себептері

**6. Ұлттық мирас (қолөнер атаулары) /2 сағат**

Түйеге жүк арту, киіз үй тігу, күзем алу, қой қырқу, жүн сабау, жүнді шиге тарту, киіз жасау, қайыс илеу, тері илеу, жіп есу, ызылған құр, жиек есу, шуда жіп жасау, ши тоқу, терме теру, қамшы өру, сырмақ жасау, мәсі тігу. (Қолөнер түрлері, атауларының шығу себептері мен заманауи дамуы туралы көзқарас, еңбек адамдарына құрмет көрсету, еңбекті бағалауға баулу)

**7. Киім және сәнге байланысты атаулар /2 сағат**

Сырттық және іштік киімдер, бас киімдер, көйлек түрлері, сым-шалбар түрлері, аяқ киімдер; алтын, күміс бұйымдар: күміс білезік, күміс жүзік, омырауша, күміс түйме, қаптырғы, алқалар, шекелік, өңіржиек, кемер белдік, қапсырмалар, шолпылар, құдағи жүзіктер (Ұлттық киім атауларының ерекшеліктері, қолданылуы, қазіргі сән үлгісіндегі ұлттық нақышты бағалау)

**8. Үй тұрмысына байланысты атаулар (үй жабдығы, ас-тағам, ыдыс-аяқ, еңбек құралдары) /2 сағат**

(Тұрмыстық атаулар, ағаш ыдыстар және басқа бұйымдар: астау, саптыаяқ, ағаш шөміш, ағаш ожаулар, ағаш піспек, ағаш төсек, жүкаяқ, ағаш шелек, ағаш кебеже, ағаш қобди, ақ сандық, қазақтың музыка аспаптары, домбыра; ер-тұрман: жүген, ноқта, ер, тоқым, өмілдірік, құйысқан, қамшы, шылбыр, тізгін, қайыс арқан; еңбек құралдары: тесе, балта, балға, шот, көрік, көмір, төс, пышақ, пышақтың қыны, жанай ағаш, ирек ағаш, ұршық, талыс, саба, торсық, шақша сияқты атаулардың мағынасы, халықтың бай сөздік қоры, заманауи атаулар)

**9. Жан-жануарларға байланысты атаулар /2 сағат**

Аң, құс, жануарлар төлдерінің атаулары (Халықтық атаулардың мағынасы, табиғатты құрметтеу)

**10. Табиғат құбылыстарына байланысты атаулар (жел, қар, жаңбыр атаулары) /2 сағат**

Жел, қар, боран, жаңбыр атаулары (Табиғат құбылыстары атауларының шығу себептері мен қолданылуы туралы зерттеулер)

**11. Ауа райына байланысты болжамдар жасау негіздері /2 сағат**

Аң-құстар мен үй жануарларының мінез-қылықтары мен күнге қарап ауа райын болжау және тыйымдар (Халықтың ауа райын болжау дәстүрі, табиғат құбылыстарына сай берілген атауларды зерттеу, аталу себептерін түсіну)

**12. Салт-дәстүр және жиын-тойлар атаулары /2 сағат**

Қалыңдық айттыру, ұрын бару, қалыңдық ойнату, қыз ұзату, келін тәрбиесі, шілдеhana, бесік тәрбиесі, мүшел той, келін түсіру, үйлену тойлары, қыз ұзату тойы, баланың шашын алу тойы, атқа мінгізу тойы, отау көтеру (салт пен дәстүр, әдет пен ғұрып атауларының мағынасын ашу арқылы есте сақтау, заманауи қолданысын зерделеу)

**13. Ұлттық ойындар / 2 сағат**

Қимыл-қозғалыс ойындары және үй ішінде ойналатын ойындар (Ұлттық ойындар мен спорттық ойындардың ерекшелігі, логикалық ойлауға, денені шынықтыруға әсері, атауларының шығу себептері)

**14. Жыл мезгілдері және қоныс атаулары / 2 сағат**

(Жыл мезгілдері атаулары мен ұлттық қоныс атауларының мағынасы)

**15. Ай атаулары /2 сағат**

(Ай атауларының жаңа, ескі түрлерін салыстыру, аталу себептерін зерттеу)

**16. Күн және уақыт өлшемдері / 2 сағат**

(Ұлттық өлшем бірліктері мен апта күндері атаулары)

**17. Өлшем бірліктері /2 сағат**

**18. Киелі сандар және ұғым /2 сағат**

(Сандардың киелі аталу себептері)

**19. Зерттеу, жобалау жұмыстарын талдау, бағалау /2 сағат**

**7-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 36 сағат  
«Ұлттық таным және сөздер сыры» курсының орта  
мерзімді жоспары**

<b>Тақырыптар / Орта мерзімді жоспардың мазмұны</b>	<b>Оқу мақсаты</b>	<b>Оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер</b>	<b>Үйрену мақсатында бағаны қоса, бағалау</b>	<b>Негізгі дереккөздер</b>	<b>Сағат саны</b>
Кіріспе. Сөз мәні: ұлттық жаңғыру және ұлттық ұғымдар	Сұрақтарға мәтіннен деректер келтіре отырып, дәлелді жауап беру, өз жауабын өзгенің жауабымен салыстыру, талқылау.	Ұйымдастыру Топқа бөлу «ТВ шоу» Миға шабуыл «Ойлан-жұптас-бөліс»	«Сабактағы проблемалар» кестесі	Таныстырылы м, фильм, суреттер.	1
Адал мен арам ұғымы	Оқылым стратегияларын қолдану: комментарий жасау, іріктеп оқу, зерттеп оқу.	Бейнефильм көрсету. АКТ Топ жұмысы, бірлескен оқу	«Бас бармақ»	түрлі-түсті қағаздар, маркер, постер.	1



Ақыл және рухани дүние	Мәтін құрылымын (кіріспе бөлім, жалпы мәлімет беру, детальді мәлімет беру) сақтай отырып, графиктік мәтін (шартты белгі, сурет, сызба) түрінде берілген процесті сипаттап жазу	Талдау. Топтастыру. Т.Ж.Кубизм; АКТ; ТВ шоу	Жұлдызша	Мұғалімге арналған нұсқаулық	1
Қазақ халқының дәстүрлі туыстық жүйесі	Оқылым стратегияларын қолдану: комментарий жасау, іріктеп оқу, зерттеп оқу.	«Суреттер сөйлейді». Мәтінмен жұмыс.	Смайликтер	Кеспе суреттер, парақшалар.	1
Ұлттық салтанаттар	Оқылым стратегияларын қолдану: комментарий жасау, іріктеп оқу, зерттеп оқу.	Саралау, жабық сұрақтар, Жұптық жұмыс	«Жетістік баспалдағы»	Музыкалық үзінділер, суреттер.	2
Ел мен жер атауларының ұлттық танымдық сипаты	Мәтін құрылымын (кіріспе бөлім, жалпы мәлімет беру, детальді мәлімет беру) сақтай отырып, графиктік мәтін (шартты белгі, сурет, сызба) түрінде берілген процесті сипаттап жазу	Жеке жұмыс, ашық сұрақтар, ойындар.	Рефлексия пирамидасы	Ватман, түрлі түсті стикерлер, маркер.	2
Ұлттық мирас (қолөнер атаулары)	Мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпарат бойынша факті мен көзқарасты ажырата білу.	Ұйымдастыру Топқа бөлу «ТВ шоу» Ү.ж. тексеру Миға шабуыл «Ойлан-жұптас-бөліс» Талдау. Топтастыру. Т.Ж.Кубизм; АКТ; ТВ шоу	«Сабақтағы проблемалар» кестесі Жұлдызша	Таныстырылым, фильм, суреттер. Мұғалімге арналған нұсқаулық	2

Киім және сәнге байланысты атаулар	Коммуникативтік жағдаятқа сай көркем бейнелеуіш, эмоционалды-экспрессивті сөздерді және мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерді еркін қолданып, диалогке қатысу, пікірталаста тез және дұрыс шешім қабылдай білу	«Суреттер сөйлейді». Мәтінмен жұмыс. Графикалық органиайзер, сөздік кестесі, «9 гауһар»	Смайликтер	Кеспе суреттер, парақшалар.	2
Үй тұрмысына байланысты атаулар (үй жабдығы, астағам, ыдыс-аяк,)	Оқылым және тыңдалым материалдары бойынша тірек сөздер мен сөз тіркестерін синонимдік қатармен ауыстыра отырып, жинақы мәтін жазу	Бейнефильм көрсету. АКТ Топ жұмысы, бірлескен оқу	«Бас бармақ»	Түрлі-түсті қағаздар, маркер, постер.	2
Жан-жануарларға байланысты атаулар	Коммуникативтік жағдаятқа сай көркем бейнелеуіш, эмоционалды-экспрессивті сөздерді және мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерді еркін қолданып, диалогке қатысу, пікірталаста тез және дұрыс шешім қабылдай білу	«Суреттер сөйлейді». Мәтінмен жұмыс	«Көңілді микрофон»	Видеосюжеттен үзінділер, суреттер.	2
Табиғат құбылыстарына байланысты атаулар (жел, қар, жаңбыр атаулары)	Проблемалық сұрақтарға тыңдалған мәтіннен деректер келтіре отырып, дәлелді жауап беру, өз жауабын өзгенің жауабымен салыстыру, талқылау	Блум түймедағы. Балық қаңқасы	Жетістік баспалдағы	Жобалық презентация «Білімланд» бейнефильм	2
Ауа райына байланысты болжамдар жасау негіздері	Мәтінмен жұмыс. Жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай көркемдегіш құралдарды орынды	Қабырғадағы суреттер, АКТ	Екі жұлдыз, бір тілек	Бейнефильм «Білімланд»	2

	қолдана отырып, шағын мақала, нұсқаулық, әңгіме құрастырып жазу				
Салт-дәстүр және жиын-тойлар атаулары	Мәтіндік және графикалық (кесте, диаграмма, сурет, шартты белгілер) ақпаратты интерпретациялау. Оқылым стратегияларын қолдану: комментарий жасау, іріктеп оқу, зерттеп оқу	Графикалық организатор, сөздік кестесі, «Маңыздылық» кестесі	«Көңілді микрофон»	Бейнесюжеттегі үзінділер, суреттер.	2
Ұлттық ойындар	Мәтіндік және графикалық (кесте, диаграмма, сурет, шартты белгілер) ақпаратты интерпретациялау	Ойын	«Сабақтағы проблемалар» кестесі	Суреттер.	2
Жыл мезгілдері және қоныс атаулары	Мәтін құрылымын (кіріспе бөлім, жалпы мәлімет беру, детальді мәлімет беру) сақтай отырып, графикалық мәтін (шартты белгі, сурет, сызба) түрінде берілген процесті сипаттап жазу	Графикалық мәтін	«Бас бармақ»	Түрлі-түсті қағаздар, маркер, постер	2
Ай атаулары	Мәтіндік және графикалық (кесте, диаграмма, сурет, шартты белгілер) ақпаратты интерпретациялау. Оқылым стратегияларын қолдану: комментарий жасау, іріктеп оқу, зерттеп оқу	Кубизм	Жұлдызша		2
Күн және уақыт өлшемдері	Жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай көркемдегіш құралдарды орынды қолдана отырып, шағын мақала,	Блум түймедағы. Балық қаңқасы	Жетістік баспалдағы	Жобалық презентация «Білімланд» бейнефильм	2

	нұсқаулық, әңгіме құрастырып жазу				
Өлшем бірліктері	Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпарат бойынша факті мен көзқарасты ажырата білу. Оқылым стратегияларын қолдану: комментарий жасау, іріктеп оқу, зерттеп оқу	Графикалық органиайзер, сөздік кестесі, «Маңыздылық» кестесі	«Сабақтағы проблемалар» кестесі	Таныстырылым, фильм, суреттер	2
Киелі сандар және ұғым	Мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпарат бойынша факті мен көзқарасты ажырата білу.	Талдау. Топтастыру. Т.Ж.Кубизм; АКТ; ТВ шоу	«Бас бармақ»	Түрлі-түсті қағаздар, маркер, постер.	2
Зерттеу, жобалау жұмыстарын талдау, бағалау	Өздігінен іздену, зерттеу, салыстыру, жаңалығына баға беру	Жоба	Өзара талдау нәтижесінде мектепшілік, қалалық ғылыми жобалар байқауларына ұсыну	Жоба жұмыстары	2

**«Ұлттық таным және сөздер сыры» курсы бойынша  
күнтізбелік-тақырыптық жоспары  
Апталық жүктеме-1 сағаттан, жылына-36 сағат**

р/с	Тақырыптық мазмұны	Сағат саны	Мерзімі	Ескерту
1.	Кіріспе. Сөз мәні: ұлттық жаңғыру және ұлттық ұғымдар			
2.	Адал мен арам ұғымы <a href="https://kk.warbletoncouncil.org/lealtad-761">https://kk.warbletoncouncil.org/lealtad-761</a> (бейнефильм)			
3.	Ақыл және рухани дүние			

	<a href="https://www.youtube.com/watch?v=fysK5YAsn3Q&amp;ab_channel=Boysuyer">https://www.youtube.com/watch?v=fysK5YAsn3Q&amp;ab_channel=Boysuyer</a>			
4.	Қазақ халқының дәстүрлі туыстық жүйесі ( <a href="https://www.youtube.com/watch?v=nGFFb8LJsB0&amp;ab_channel=KEREK">https://www.youtube.com/watch?v=nGFFb8LJsB0&amp;ab_channel=KEREK</a> )			
5	Ұлттық салт. Амандасу салты, қонақты сырттан қабылдау салты ( <a href="https://youtu.be/zyG7Ov00WR4">https://youtu.be/zyG7Ov00WR4</a> )			
6	Ұлттық салт: қонақ күту, мал сою			
7	Ел мен жер атауларының ұлттық танымдық сипаты <a href="https://youtu.be/3rbBApVfdJ8">https://youtu.be/3rbBApVfdJ8</a>			
8	Халық тұрмысында қолданылып жүрген жер атауларының этимологиясы			
9	Ұлттық мирас (қолөнер атаулары) ( <a href="https://youtu.be/4IU_7z4i-MM">https://youtu.be/4IU_7z4i-MM</a> )			
10	Ұлттық мирас (қолөнер атаулары)			
11	Киім атаулары <a href="https://youtu.be/OSoCp56xA28">https://youtu.be/OSoCp56xA28</a>			
12	Сәндік бұйымдар атаулары <a href="https://youtu.be/6BJstEidINs">https://youtu.be/6BJstEidINs</a>			
13	Үй тұрмысына байланысты атаулар (үй жабдығы, ас-тағам, ыдыс-аяқ,) <a href="https://youtu.be/hG7mtGhXqew">https://youtu.be/hG7mtGhXqew</a>			
14	Еңбек құралдары атаулары			
15	Жан-жануарларға байланысты атаулар			
16	Аң, құс төлдерінің атаулары			
17	Табиғат құбылыстарына байланысты атаулар (жел, қаратаулары) <a href="https://youtu.be/zFLbR39vBP8">https://youtu.be/zFLbR39vBP8</a>			
18	Табиғат құбылыстарына байланысты атаулар (боран, жаңбыр атаулары)			
19	Зерттеу жұмыстарын жобалау, талдау			
20	Ауа райына байланысты болжамдар жасау негіздері <a href="https://youtu.be/PsK3doctB5c">https://youtu.be/PsK3doctB5c</a>			
21	Аң-құстар мен үй жануарларының мінез-қылықтарымен күнге қарап ауа райын болжау және тыйымдар			
22	Салт-дәстүр атаулары <a href="https://youtu.be/PCofixqJiA8">https://youtu.be/PCofixqJiA8</a>			
23	Жиын-тойлар атаулары			
24	Ұлттық ойындар: қимыл-қозғалыс ойындары <a href="https://youtu.be/zu2trKhLYhY">https://youtu.be/zu2trKhLYhY</a>			

25	Ұлттық ойындар: үй ішінде ойналатын ойындар			
26	Жыл мезгілдері атаулары			
27	Жыл мезгілдеріне қарай қоныс атаулары			
28	Ай атаулары(жаңаша)			
29	Ай атаулары (ескіше)			
30	Күн және уақыт өлшемдері <a href="https://youtu.be/fI8Xjotg7aY">https://youtu.be/fI8Xjotg7aY</a>			
31	Күн және уақыт өлшемдері			
32	Өлшем бірліктері <a href="https://youtu.be/JZ6HcnbON90">https://youtu.be/JZ6HcnbON90</a>			
33	Өлшем бірліктері <a href="https://youtu.be/JZ6HcnbON90">https://youtu.be/JZ6HcnbON90</a>			
34	Киелі сандар және ұғым <a href="https://youtu.be/hgJDXOFymok">https://youtu.be/hgJDXOFymok</a>			
35	Киелі сандарға қатысты нақыл сөздер			
36	Зерттеу жұмыстарын қорғау, өзара бағалау			

### **Оқушылардың білім, білік, дағдыларына қойылатын талаптар (критерийлер):**

1. «Тыңдалым және айтылым» бойынша:

- әртүрлі жанрдағы мәтіндерді талдайды;
- мәтіннен ақпаратты анықтайды;
- негізгі ойды анықтайды;
- жауап береді және бағалайды;

2. «Оқылым» бойынша:

- ақпаратты түсінеді;
- мәтін бойынша сұрақтар құрастыра біледі;
- салыстырмалы анализ жасайды;
- оқылым стратегияларын қолданады;
- әртүрлі ресурс көздерінен қажетті ақпарат алады.

3.«Жазылым» бойынша:

- жоспар құрады;
- әртүрлі жанрда мәтіндер құрастырады;
- жазба жұмыстарын әртүрлі формада ұсынады;
- эссе жазуды үйренеді;
- жинақы мәтін жаза алады;
- мәтіндерді түзетеді және редакциялайды.

4. Зерттеу және жобалау бойынша:

- берілген тақырыптардың бірінде өзіндік зерттеу жасайды;
- зерттеу жұмыстарын жобаға айналдырады;
- жобаны мектепте, қалада ғылыми жобалар байқауына ұсынады.

<b>Оқу нәтижелері</b>			
Танымдық дағды	Коммуникативтік-тілдік дағды	Шығармашылық дағды	Әлеуметтік дағды
Қоршаған ортаны, тілдік бірліктердің қолданылуын терең түсінеді.	Қарым- қатынас мәдениетін жақсартады.	Берілген тапсырмаларға қабілетіне қарай өзгеріс енгізуді, сөздерді мағынасына қарай қолдану тапсырмаларын орындайды.	Ұлттық тәрбиеге қатысты мәдениеттің мінез- құлық нормаларын меңгереді;
Атаулардың шығу себептерін зерделейді, түсініп қолданатын болады.	Сөздер мен сөз тіркестерін орнымен қолдануға, атауларды түбірінен тануға жаттығады.	Қойылымдар қою, өзіндік пікір білдіру, сыни көзқарасын айту дағдыларын жетілдіреді.	Топта, жұмыс істеу арқылы ұжымдық қарым-қатынас әдебін арттырады.
Ұлттық математикалық, лингвистикалық, жаратылыстану атаулары туралы білімдерін жетілдіреді.	Сөздік қорын байытады, сөз атауын түсінгендіктен ана тілінде таза сөйлеуге ұмтылады, тілдік бірліктерді дұрыс қолданады.	Зерттеу жұмысын жазу, зияткерлік ойындарды құрастыру мен ұйымдастыру күші артады.	Сыныптастарының бейімі мен дағдыларын сауатты бағалауға үйренеді.

**Күтілетін нәтиже:** тілдік құзіреттіліктері жетілген, тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдылары артқан, ана тіліндегі сөздердің мағынасын түсінетін, оны халықтың болмысымен, тұрмысымен, танымымен байланысты зерттей алатын, сөз қолданысы кеңейген, ұлтының тілін сүйетін, сөз мәдениетін меңгерген, сыни ойлайтын, заманауи ұлт азаматын қалыптастыру.

**Білім алушылардың сөздер сырын өзіндік зерттеу нәтижесінде терең түсінуіне, қолданысына енгізуіне ықпал ету мақсатында тақырыптар үлгісі ұсынылып отыр, білім алушының қызығушылығына қарай тақырыптарды өзгертуге болады:**

- «Табиғат құбылыстары: ауа райы, ай атауларына қатысты ұлттық таным және сөздер сыры»
- Үй тұрмысына байланысты құрал-жабдықтар атаулары мен оларды қолданудың ерекшеліктері;
- Ай атауларының табиғат өзгерістері мен ауа райына байланысты шығу себептері;
- Ұлттық өлшем бірліктердің тұрмыста қолданылуы;
- Сәндік- қолданбалы бұйымдар атаулары мен адам есімдерінің байланыстылығы;
- Әдет-ғұрып, салт-дәстүр: тарих пен жаңашылдық.

### **Мұғалімге арналған қысқаша әдістемелік нұсқаулық:**

1. Оқушы дәптерінде әр аптаның сағатына байланысты тапсырмалар оқу мақсаттарына сай көрнекілік әдісімен берілген. (**Оқушы дәптері**)
2. Мұғалімнің қолдануы үшін әр тақырып бойынша мәтіндер жинақталған. (**Мұғалімге арналған құрал**)
3. Оқушы дәптерін оқушыларға әр сабақ сайын немесе тұтас дәптер етіп те беруге болады. Оқушы дәптері мұғалімнің тапсырмалары ретінде **презентация** түрінде ашып қолдануға да қолайлы.

### **Мұғалімнің қолдануына арналған интернет ресурстары (You Tube):**

1. Адал, арам ұғымы туралы бейнефильм  
<https://kk.warbletoncouncil.org/lealtad-761>
2. Ақыл [https://www.youtube.com/watch?v=fysK5YAsn3Q&ab\\_channel=Boysuyer](https://www.youtube.com/watch?v=fysK5YAsn3Q&ab_channel=Boysuyer)
3. Қазақ халқының дәстүрлі туыстық жүйесі  
[https://www.youtube.com/watch?v=nGFFb8LJsB0&ab\\_channel=KEREK](https://www.youtube.com/watch?v=nGFFb8LJsB0&ab_channel=KEREK)
4. Амандасу әдебі <https://youtu.be/zyG7Ov00WR4>
5. Жер-су атаулары сипаты <https://youtu.be/3rbBApVfdJ8>
6. Ұлттық қолөнер [https://youtu.be/4IU\\_7z4i-MM](https://youtu.be/4IU_7z4i-MM)
7. Киім атаулары <https://youtu.be/OSoCp56xA28>
8. Сәндік зергерлік бұйымдар <https://youtu.be/6BJstEidINs>
9. Табиғат құбылыстары атаулары <https://youtu.be/zFLbR39vBP8>
10. Ауа райын болжау <https://youtu.be/PsK3doctB5c>
11. Салт-дәстүр атаулары <https://youtu.be/PCofixqJiA8>
12. Уақыт өлшемдері <https://youtu.be/fl8Xjotg7aY>
13. Салмаққа байланысты өлшем <https://youtu.be/JZ6HcnbON90>
14. Ұзындық өлшемі <https://youtu.be/JZ6HcnbON90>
15. Киелі сандар <https://youtu.be/hgJDXOFymok>



## ӘДЕБИЕТТЕР:

### Мұғалімдерге ұсынылады:

1. Қазақ халық педагогикасының шетелдерде дамуы. Ұзақбаева С., Момынбаев Б. – Алматы: РБК, 2010.
2. Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы: он томдық. Т.9.- Шетелдердегі қазақтардың тағылымы/ Құрастырған: С.Қалиев, К.Аюбай. – Алматы: Сөздік, 2010.
3. Халықтық дәстүр тәрбиесі. Нүсіпоқасұлы А.– Алматы: Өнер, 2011.
4. Халық педагогикасын оқу-тәрбие жұмысында пайдалану. Д.Рақымбердіұлы, Т.Байқұлов. Тараз,2000ж.
5. Діл және дәстүр. Айдаров Д.Ж. . – Алматы: Дайк – Пресс, 2010.
6. Қазақы атаулар мен байламдар. Кейкин Ж. – Алматы: «Өлке» баспасы. 2010.
7. Қазақ халқының ұлттық киімдері. Ханият Б.; Сужикова А. Алматыкітап. 2007

### Оқушыларға ұсынылады:

1. Сабырбек. С. Қонақ келсе- құт... // Ана тілі. – 1993.- 22 шілде.
2. Қалиев С., Оразбаев М., Смайылова М. Қазақ халқының салт- дәстүрлері. – Алматы, 1994.
3. Халықтық дәстүр тәрбиесі. Нүсіпоқасұлы А.– Алматы: Өнер, 2011.
4. Қазақы атаулар мен байламдар. Кейкин Ж. – Алматы: «Өлке» баспасы. 2010.
5. Қазақ халқының ұлттық киімдері. Ханият Б.; Сужикова А. Алматыкітап. 2007

### «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында

#### Мектеп кітапханасынан оқуға ұсынылатын кітаптар:

1. Игенбаева Б.К. Даналық әліппесі.-Астана: Interactiv Kazakhstan ЖШС, 2014
2. Құдайбергенұлы Н. Нақыл сөздер.- Астана: Interactiv Kazakhstan ЖШС, 2014
3. Кенжеахметұлы С. Қазақ халқының салт-дәстүрлері.-Алматыкітап, 2017
4. Тоқтабаева Ш. Қазақтың киізден бұйым жасау өнері.-Алматыкітап, 2014
5. Ред.басқарған Жанұзақов Т. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі.-Алматы:Дайк Пресс, 2008
6. Ред.басқарған Матыжанов К.Т. Ғұрыптық фольклор. М.Әуезов атын.Әдебиет және өнер институты, 2020
7. Ұлы дала мұрасы. Зергерлік өнер жауһарлары. Астана: Іхронат ЖШС, 2018
8. Ұлы дала мұралары. Астана: ҚР Ұлттық музейі, 2019

